

Техникалық қауіпсіздік

ережелері



Информатика кабинетіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері

Жалпы қауіпсіздік талаптары:

- ❖ Мұғалімнің рұқсатынсыз құрал-жабдықтарды орнынан қозғауға, сымдарға, розеткаларға, итепсельдің айырына, итеккерге тиісуге тыйым салынады.*
- ❖ Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпқа кіруге және сыныптан шығуға болмайды.*
- ❖ Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпта жүруге болмайды.*
- ❖ Дербес компьютерде су киіммен және су қолмен жұмыс істеуге болмайды.*
- ❖ Корпусы мен сымдарының бүтіндігі бұзылған дербес компьютерде жұмыс істеуге тыйым салынады.*
- ❖ Үстелге, дербес компьютердің жанына сумка, портфель, кітап қоюға болмайды. Үстелде тек дәптер мен қалам ғана жатуы керек.*
- ❖ Пернетақтаның үстіне ештеңе қоюға болмайды.*
- ❖ Компьютер сыныбында жүгіруге, ойнауға, жолдастарыңның көңілін қажетсіз аударуға, бөгде жұмыстарды істеуге тыйым салынады.*

Дербес компьютерде жұмыс істеуді бастау алдында қойылатын қауіпсіздік талаптары:

❖ Дербес компьютер электр тогына қосылмаған жағдайда сымдардың, Дербес компьютердің корпусының бүтіндігін және айыру (изоляция) бұзылмағанын қарап шығып, олардың дұрыс жағдайда екендігіне көз жеткізу керек.

❖ Жұмыс кезінде оларға тие бермеу үшін, сымдар салбырап тұрмауына көңіл бөлу керек.

❖ Жұмыс орнын пайдалануды есетке алу журналына белгі қою керек.

Дербес компьютермен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары:

❖ ЭЕМ-да жұмыс істеу кезінде көздің экраннан ең қолайлы қашықтығын (60-70 см) сақтау керек. Мүмкін қашықтық – 50 см.

❖ Келушілер кіргенде оқушылардың орнынан тұруының қажеті жоқ.

❖ Көз талғанда немесе шаршағанда орнынан тұрмай көзді дем алдыратын бірнеше жаттығу орындау керек.

❖ Оқушылар электр тогымен зақымданғанда алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін, өрт сөндіргішпен жұмыс істеу және өрт сөндіру әдістерін білуі керек.

❖ Оқушылар көзді дем алдыру жаттығуларын білуі керек.



1-сурет. Компьютер алдында дұрыс отыру

2. Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары:

Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғанына көз жеткізу керек;

Жұмыс жасау кезінде сымдардың дұрыс жалғанғанына ерекше көңіл бөлуі керек.





**Көзді шаршаған кезде
қарау бағытын оңға
өзгерту керек**



**Көзді шаршаған кезде
қарау бағытын солға
өзгерту керек**



**Көзді шаршаған кезде
қарау бағытын жоғары
өзгерту керек**



**Көзді шаршаған кезде
қарау бағытын төмен
өзгерту керек**

Жұмыс столыңызда
бұзылып
тұрған нәрсе бар ма,
соны анықтаңыздар;

Жұмысты тек мұғалімнің
“ жұмысқа кірісіңіз ”
деген нұсқауынан
кейін бастаңдар;

Дербес
компьютерде
су қолмен және
су киіммен жұмыс
істеуге
болмайды;

Жұмысты бастамас бұрын:

Мұғалімнің
рұқсатынсыз
компьютерді
қосып –
айыруға
болмайды;

Кабинетке басқа
адам кіргенде
Орныңыздан тұрмай-
ақ амандасуға
болады;

Монитордың үстіне
кітап,
диск және
т.б. заттарды қоюға
болмайды;

